

ӘОЖ 372.854

**ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ
АРҚЫЛЫ 7-ші СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ**

Жеңісқан Сәуле, Алькенова Еркежан Нурлановна

saule_zheniskan@mail.ru

alkenova01@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты және студенті Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Е. Сағындықова

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі

әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады. Белгілі ресейлік ғалым-педагог Л.В. Занковтың айтуынша, сабақтағы ойын элементтері оқу процесіндегі зерттеушілікті көруге көмектеседі, оқушалардың білімін кеңейтуге, шығармашылық ізденімпаздығы мен зерделілігін арттыруға және оқуға деген ептілігін қалыптастыруға қызығушылығын және ынтасын арттыруға септігін тигізеді [2].

Бұл мақаламыздың мақсаты оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, байқампаздығын жан – жақты арттыру, ойын қабілетін дамыту, дүниеге көзқарасын, білім деңгейін арттыру. Ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа, өз бетімен еңбектенуге тәрбиелеу.

Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:

Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі. Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті [3].

Ойындардың сапалылығы:

Ойын барысында физикалық теорияларды игеріп, оны практикада қолдану аясын молайтады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық рөлі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Мектеп пәндерінің ішінде физиканың алатын орны ерекше. Физика оқушыларға ғылыми әлемді суреттейді. Физика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі. Ғылыми техникалық прогресстің негізі бола тұрып, физика оқушылардың шығармашылық қабілеттілігін қалыптастырады, әлемге деген көзқарасын кеңейтеді, әлемге деген қызығушылығын оятады. Білім беру-оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат-оқушы күзиреттілігін дамыту, яғни жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой толғаны бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, істеген ісіне тұжырым жасап, қорытындыға келу, ойлауларын кеңейтіп, ой еркіндігіне жол ашу.

Қоғамымыздың саяси, мәдени, экономикалық дамуына үлес қосатын, әлемдік талапқа сай келетін білімді, мәдениетті азамат дайындап, тәрбиелеп шығару біздің міндетіміз [4].

Оқушыларды ғылымға қызықтырушылығының көптеген жолдарының бірі сабақта ойындар ұйымдастыру. Оқу, ойын және еңбек адамның негізгі қасиеттерінің түрлері. Ойын оқу мен еңбек бола тұрып, оқушыларды оқуға, еңбектенуге бейімдейді. Ойын процесінде оқушы пән туралы және қоршаған әлемнің таңғажайып құбылыстары туралы әр түрлі білім алады. Ойын баланың бақылампаздығын дамытады. Сонымен ойын оқушылардың ойын қозғай отырып, олардың жетіле дамуына, шығармашылық қиялдарының дамуына көмектеседі. Француз ғалымы Луи де Бройль айтқандай, барлық ойындарда, тіпті ең қарапайымында да ғалымның жұмысымен көптеген ортақ элементтері бар. Кез келген ойын сабақтың негізгі мысалдарын шешуге ықпал ету керек, мысалы білімдерін бекіту мақсатында, есептерді шығаруды жақсы игеруі үшін т.б.. Тек осы жағдайда ғана ойын сабақты оқытудың элементі болады. Дидактикалық ойындарды құрастыру барысында сабақтың таңымдық элементі мен ойын элементтерінің үйлесімі қиындық келтіреді. Алдымен сабақта оқушының назары ойын әрекетіне бағытталады, содан соң ойын процесінде оқушы өзі байқамай белгілі бір материалды игеру процесіне көшеді. Сөйтіп оқушылардың ойынға қызығушылығы бірте-бірте сабақты оқуға алмасады [5].

Ойында оқушыны алдымен берілген есептің немесе мысалдың күрделілігі қызықтырады, өйткені оны шешуге болады, содан соң оқушы жаңалықты ашып және қойылған кедергіден өте алғанына қуанады. Дәл осы себепті адамдардың барлығын жасына қарамастан ойын қызықтырады.

«Балаларға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» деген Питер Клайн сөздерін басшылыққа ала отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы дамыту мақсатында, оқушыларға теориялық білімді тиісті дәрежеде меңгерту үшін оларға эксперименттік есептер, шығармашылық жаттығулар,

зерттеушілік зертханалық жұмыстар, тапқырлыққа баулайтын қызықты үй тапсырмаларын беріп көрдік. Келесіде оқушыларға берілген бірнеше физикалық дидактикалық ойын түрлері сонымен қатар жүргізілген тәжірибелік-эксперимент қорытындысы мен сауалнама нәтижесі көрсетілген.

1-ойын “Бәйке”

Ұлттық ойынның баламасы түрінде жасалынған. Ойынға қатысушылар белгіленген жерге барып, басқарушының нұсқауымен жарысқа түседі. Бәйкеден озып шығу үшін оқушылар, жолда қойылған физикалық сұрақтар мен тапсырмаларды орындау керек.

Сұрақтар

1. Манометр сөзі қай тілден шыққан? (Гректің монос-тығыз емес, метрео- өлшеймін деген сөздерінен алынған)

2. Алғашқы сұйық манометрді кім жасады? (Торричели)

3. Түтікті металл манометрді кім ойлап тапты? (Э.Бурдон)

4. Мұнараны сумен толтыру үшін оған арнайы суды айдайтын құрылғы? (Айдау сорғысы деп аталады)

2-ойын “Орамал тастау”.

Оқушылар тең екі топқа бөлінеді де, қарама-қарсы қатарласа тұрады. Мұғалім қолындағы орамалын бірінші топтың оң жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да: «R» әрпін көрсеткенде, екінші топ оқушысы «кедергі» деп жауап береді. Ойын осылайша қайталанатын. (Әр топ оқушыларының алдында физикалық шамалар мен өлшем бірліктері жазылған парақтар болады).

3-ойын “Ыстық орындық”.


Оқушылар ыстық орындыққа отырып, өздеріне қойылған сұрақтарға 1 минут ішінде жауап беру қажет.

Тәжірибелік-эксперимент нәтижесі:

Біз қолданған ойын технологиясы оқушыларға қаншалықты әсер ете алды деген сауалға жауап іздеу мақсатында білім алушыларға сауалнамалар жүргіздік.

Кесте 1 – Сауалнама нұсқасы

Сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалары		
	иә	жоқ	Жауап беруге қиындық тудырады
1. Сабақта қолданылған ойындар сіздің физика пәніне деген қызығушылығыңызды арттырды ма?			
2. Сабақ барысында қолданылған ойындар сіздің оқу процесіне деген белсенділігіңізді арттырды ма?			
3. Әрі қарай сабақ барысы ойын түрлерімен өткенің қолдайсыз ба?			



Сурет 1 – Сауалнама нәтижесі

Алғашқыда сабақ барысында пәнге деген қызығушылығы жоқ, ойы сан-сақта отыратын оқушылардың, атап өткенде Алтай Мадияр,Әубәкір Зейне, Абдрахман Дамирдің үлгерімі төмен екенін байқадық. Оқу материалдарына ойындық технологияны қоса келе, бұл оқушылардың сабақта белсенділігімен қоса шығармашылық ізденімпаздығы артқанын көрдік.

Сабақта ойын элементтерін пайдалану мынадай нәтижелерге жеткізді:

- Оқу материалының тиімді меңгерілуіне мүмкіндік берді, сабақтың өнімділігі арттырды
- Оқушының пәнге деген қызығушылығы мен зерттеушілік қабілетін туғызды
- кері байланыс тиімді жүзеге асырылды
- оқушы мен мұғалім арасында сенім, қолдау және демократиялық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді
- оқушының өз-өзіне деген сенімділігін қалыптастырып, өзінің қабілетін ұштауға мүмкіндік берді
- өзара пікір алмасу қатынасы жүзеге асады,өздерін басқарады, бағалайды
- өз идеяларын жүзеге асырады
- сөйлеу қоры, сөйлеу мәдениеті қалыптасады
- эксперимент жасап, дәлелдеуге үйренеді
- ынтымақтастыққа, ұжымдылыққа үйренеді
- жүйелікке, нақтылыққа, логикалық ойлауға бейімделеді
- басқа пәндерден алған білімдерін бекітуге көмектеседі
- танымдық қабілетінің дамуына әсер етеді

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті. Нәтижесінде бәсекеге қабілетті, өз ойын еркін қорытып, теориялық білімін практикада ұштастырып, өмірде қолдана білетін, интеллектуалдық күші жетік маман тәрбиеленеді. Осы нәтижеге жету мақсатында білімімізді әрі қарай жетілдіріп, ізденуді жалғастырамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Морева Н.А. Современная технология учебного занятия. – М.: Просвещение. 2007, 158 с.
2. Қалығұлов А.Ж. Физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 1992, 208 б.
3. Қалығұлов А.Ж. Физика пәнін жаңа технологиялық құралдарды пайдаланып оқыту // Физика және астрономия. №4, 2004, Б. 7-9.

4. Малафеев Р.И. Проблемное обучение физике в средней школе: Из опыта работы. Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1980, 127с.